

ӘОЖ 343.3/.7

DOI: 10.54649/2077-9860-2025-1-111-116

Н.Д. Тлешалиев¹

**¹ Ph.D, қауымдастырылған профессор,
Каспий қоғамдық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: nurlan.tleshaliev@mail.ru**

Р.Н. Жалғасов²

**²Каспий қоғамдық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы**

ӘСКЕРИ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Аңдатпа

Мақалада әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың кейбір мәселелері қарастырылған. Автор әскери қызметшілер арасында құқық бұзушылықтың өсу себептеріне, әскери тәртіптің мәніне және оны нығайтудың құқықтық жолдарына ерекше назар аударады. Әскери ортадағы қылмыстылықпен күресудің тиімді тәсілдері, оның ішінде психологиялық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар қарастырылған. Құқық бұзушылықтың алдын алу – криминология мен қылмыстық құқықтың басты мақсаты екені көрсетіледі. Ведомствоаралық үйлестіру мен заңнамалық базаны жетілдірудің маңыздылығы атап өтіледі. Мақалада әскери қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын арттыру қажеттілігі де айтылған. Осы мәтін негізінде қылмыстық профилактиканы жетілдіруге бағытталған бірқатар тұжырымдар жасалды.

Түйінді сөздер: әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскерге шақыруды кейінге қалдыру, қылмыстар, қылмыстық теріс қылық, азаматтық талап, кінәні мойындау, әскерге шақырылушылар, әскери атақ.

Н.Д.Тлешалиев¹

**¹ PhD, ассоциированный профессор,
Каспийский общественный университет,
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: nurlan.tleshaliev@mail.ru**

Р.Н. Жалғасов²

**²Каспийский общественный университет,
Республика Казахстан, г. Алматы**

ПРОФИЛАКТИКА ВОИНСКИХ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ

Аннотация

Статья рассматривает некоторые аспекты профилактики воинские уголовные правонарушения. Автор обратил внимание на причины роста правонарушений среди военнослужащих, значимость воинской дисциплины и правовые механизмы её укрепления. Рассмотрены меры по профилактике преступности в армии, включая психологическую, социальную и организационную поддержку. Подчеркнуто, что предупреждение правонарушений — одна из ключевых задач криминологии и уголовного права. Отмечается важность межведомственной координации и совершенствования законодательства. Также указана необходимость усиления социальной за-

щищённости военнослужащих. Сделаны выводы на основании этого текста о путях повышения эффективности уголовной профилактики.

Ключевые слова: военнослужащие, проходящие воинскую службу по призыву, отсрочка от призыва, преступления, уголовный проступок, гражданский иск, признание вины, призывники, воинское звание.

N.D. Tleshaliev¹

¹Ph.D, Associate Professor,
Caspian Public University,
Republic of Kazakhstan, Almaty
E-mail: nurlan.tleshaliev@mail.ru

R.N. Zhalgasov²

²Caspian Public University
Republic of Kazakhstan, Almaty

PREVENTION OF MILITARY CRIMINAL OFFENSES

Annotation

The article examines some aspects of the prevention of military criminal offenses. The author drew attention to the reasons for the increase in offenses among military personnel, the importance of military discipline and legal mechanisms for strengthening it. Measures for the prevention of crime in the army are considered, including psychological, social and organizational support. It is emphasized that the prevention of offenses is one of the key tasks of criminology and criminal law. The importance of interdepartmental coordination and improvement of legislation is noted. The need to strengthen the social protection of military personnel is also indicated. Conclusions are made on the basis of this text on ways to improve the effectiveness of criminal prevention.

Keywords: military personnel serving on conscription, deferment from conscription, crimes, criminal offense, civil claim, admission of guilt, conscripts, military rank.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу - криминологияның, қылмыстық және қылмыстық-атқарушылық құқықтың негізгі мақсаты болып табылады. Қылмыстық кодекстің міндеттері: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады [1].

Құқық бұзушылық профилактикасы - құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және күшейтуге бағытталған, құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені [2].

Әскери қызмет – егемендікті, аумақтық тұтастықты және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қол

сұғылмаушылығын қарулы қорғаумен байланысты әскери қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуге бағытталған Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілерінің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі [3].

Әскери қызметшілер – Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметте болатын Қазақстан Республикасының азаматтары [3].

Құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметін үйлестіру құқық бұзушылықтың уақтылы алдын алу, анықтау және жолын кесу, оларды жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі келісілген іс-әрекеттерді әзірлеу және оларды өздері жүзеге асыру арқылы профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасындағы құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметін үйлестіруді құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар жүзеге асырады [2].

Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан, сондай-ақ облыстардың, республикалық

маңызы бар қалалардың, астананың және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жанынан құрылады. Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Ведомствоаралық комиссиялар қызметінің негізгі міндеттері: 1) құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметін үйлестіру; 2) құқық бұзушылық профилактикасы субъектілері қызметінің тиімділігін бағалау; 3) Қазақстан Республикасының құқық бұзушылық профилактикасы туралы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу; 4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құқық бұзушылық профилактикасы саласындағы құжаттарының іске асырылу барысын қарау; 5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының қарауына құқық бұзушылық профилактикасы шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу; 6) адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөнінде шаралар қолдану; 7) құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша ақпараттық материалдарды дайындау және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне, тиісті жергілікті өкілді және атқарушы органдарға жіберу; 8) құқық бұзушылық профилактикасы субъектілері басшыларының және лауазымды адамдарының жүргізген жұмыстары туралы есептерін тыңдау және олардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу; 9) мемлекеттік органдарға және ұйымдарға лауазымды адамдарды құқық бұзушылық профилактикасы жөнінде шаралар қолданбағаны үшін тәртіптік және өзге де жауаптылыққа тарту туралы ұсыныстар енгізу болып табылады [2].

Еліміздің Конституциясына сәйкес, әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті [4].

Заңдылықта сақтау - Тәуелсіздігімізді нығайтудың басты талабы болып табылады.

Ал, құқық бұзушылық - Қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет.

Е.С.Қосмұратов пікірінше, құқық бұзушылық бірнеше түрге бөлінеді: - азаматтық (жеке басқа, азаматтың немесе заңды тұлғаның

мүлкіне зиян келтіру, азаматтың абыройы мен қадірқасиетін қаралайтын мәліметтерді тарқату және т.б.); - әкімшілік (ұсақ бұзақылық жол ережесі тәртібін бұзу), тәртіптік (жұмыстан кешігу, жұмысқа бармау және т.б.) және қылмыстық құқық бұзушылықтар (қоғамға қауіпті және қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар) болып бөлінеді [5].

Қылмыстық заңда айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады [5].

Әрбір құқық бұзушылық қоғамдық, мемлекеттік немесе жеке бастың мүдделеріне залал келтіреді, қоғамға зиянды нәтижелерге алып келеді. Зиян – материалдық және моральдық, өлшеулі және өлшеусіз, физикалық және рухани, маңызды және маңызды емес, қалпына келтірілетін және қалпына келтірілмейтін болады. Осылайша, қоғамдық қауіпсіздік құқық бұзушылық белгісі ретінде құқық бұзушылық жасау нәтижесінде жеке тұлғаның, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесіне зиян келтіреді.

Әскер - елдің аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігіне соғыс сипатындағы нақты және мүмкін болатын қол сұғу мен қауіп-қатерден еліміздің ұлттық мүддесін қорғайтын органның бірі болғандықтан, әскери қызмет, мемлекеттік қызметтің ерекше түрі болып табылады.

Мемлекет тарапынан әскерилер үшін барлық жағдай жасалған. Бірақ осыған қарамастан кейбір әскери қызметкерлер құқық бұзушылықтарға жол беруде.

Мәселен, 2020 жылы әскери соттармен 237 адам сотталған. Әдетте, қылмыс жасағаны үшін сотталған әскери қызметкерлер сотпен тағайындалған негізгі жазадан басқа, әскери атақтарынан айрылып, қызметтерінен қуылады және бүккіл төлемдерінен құр қалады [5].

Әскери тәртіп мемлекеттік тәртіптің бір түрі болғандықтан, әскерде тәртіп, темір қазықтай қатаң болуы тиіс.

Әскери тәртіп дегеніміз — барлық әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында, әскери жарғылармен командирлердің (бастықтардың) бұйрықтарында белгіленген тәртіп пен ережелерді, сондай-ақ әскери қызметшілердің арасындағы мінез-құлық және өзара қарым-қатынас нормаларын қатаң және дәл сақтауы. Әскери тәртіп әрбір әскери қызметшінің өзінің әскери борышын және өзінің Отанын қорғауға деген жеке жауапкершілігін, өз халқына шексіз берілгендігін, армиямыздың қуатын арттыруға, еліміздің игілігіне қызмет етуге парыздар екендігін кәміл сезінуіне негізделеді. Әскери тәртіп әрбір әскери қызметшіні өзінің әскери борышын адал атқаруға, ізгілікке міндеттейді [5].

Әскери тәртіп қатаң сақталған жағдайда ғана, әскердегі құқық бұзушылықтардың алдын алуға болады. Бұны, әскери басшылар біліп, сезініп алдында тұрған басты міндет ретінде қойғандары жөн [5].

Заңды сақтау - ел қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің кепілі. Сондықтан армия заңдылықтың, парасаттылықтың, тәртіп пентазалықтың тірегі болуы керек [5].

Е.О.Алауханов сөзінше, қылмыстардың алдын алу ұғымының астында мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен оны жою мақсатында бірқатар іс-шаралар кешенін өткізетін, сондай-ақ қылмыстарға жол беретін жағдайларды анықтау, оның болу жағдайларын тауып алдын алу және себептерін жою болып табылады деп атап көрсеткен [6. 106 б].

Қылмыстылықпен күрес қылмыс пен қылмыстылықты туындататын себептер мен жағдайларға, қылмыс жасаған тұлғаға ықпал етуден тұрады. А.И. Долгованың көзқарасы бойынша қылмыстылықпен күресте келесі бағыттарды белгілейді. Оларға 1) қылмыстылықпен күресті жалпы ұйымдастыру; 2) қылмыстылықтың алдын алу; 3) құқық қорғау қызметін жатқызады [7, 228 б.].

Қылмыстылықтың салдарымен күресуден гөрі себепімен күресу әлдеқайда тиімді, өйткені қылмыстылықтың алдын алу құлашты, әрі ауқымы кең шаралар кешені және ол тікелей қылмыстылықты ауыздықтауға бағытталған әрекеттер жиынтығы деп есептейді өз еңбегінде А. Жұмағали [8, 75 б.].

Д.С. Чукмаитов сөзінше, қылмыстарды ескерту мақсатындағы қылмыстық жазаны қолдану мәселесін зерттей келе, мынадай пікірге келеді: «Жаза қолдану тек жағымды жайттарды ғана емес, белгілі бір жағымсыз зардаптарды да туындатады. Бас бостандығынан айыру сотталғанды түзеп қана қоймай, жеке адамның қоғамға қарсы сипа-

тын да нығайтады, әлеуметтік жатсынуында күшейтеді», яғни тұлғаның бойында қоғамға деген теріс көзқарас қалыптасады дейді [9, б. 188].

Р.Е. Джансараева да өзінің түзеу мекемелеріндегі қылмыстылықпен күрес проблемалары бойынша еңбегінде «қылмыстық жазалаушарасы ретіндегі қоғамнан оқшауландыру бірқатар қылмыстық әлеуметтік зардаптарға әкеп соқтыратындығын, яғни, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық дұрыс бейімделуді нашарлап, керісінше, адамның жағымсыз сипатталатын байланыстарының нығаюы, қоғамға қарсы ережелер мен нормаларға (қылмыстылыққа) үйрену қалыптасады деп көрсетеді [10, б. 159].

Криминология теориясында «қылмыстылықтың алдын алу» ұғымын оның негізгі құрылымдық элементтері немесе құрылымдық бөлшектері анықтайтындығы айтылады. Осы бағытта қылмыстылықтың алдына алуды ең алдыменен қылмыстылықтың себептері мен оған ықпал ететін жағдайларды жоюға бағытталған белгілі бір әлеуметтік субъектілердің қызметтері ретінде қараған жөн.

Жарғыға сай емес қарым-қатынас ережелерін бұзуды ескертуге қатысты мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың кең ауқымын, бұқаралық ақпарат құралдарын қызметке белсенді жұмылдыру. Аталған жағдайды уақытында анықтау және қолданыстағы заңнама аясында оларға әрекет ету мақсатында құқық қорғау ұйымдарымен (мысалы, сарбаздардың аналар комитетімен) конструктивтік ынтымақтастықта болу.

Әскери қызметшілердің агрессиялық күйін бейтараптандыру және жанжалдарды заңды тәсілдермен шешу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оларға психологиялық және заңды көмек көрсету жүйесін жетілдіру, сондай-ақ Ұлттық ұланның кадрлық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру. Барлық дережедегі командирлерге қойылатын кәсіби және моральдық-этикалық талаптарды қаталдандыру, оларды алғашқы лауазымға тағайындамас бұрын жан-жақты оқыту және жоғарғы лауазымдарға тағайындаған кезде кезекті аттестациядан өтуді жобалауы шарт

Қылмыстылықтың алдыналаудың арнайы шараларын әскери қызметшілердің барлық санаттарын әлеуметтік қорғаумен байланыстыруға болады. Әскери қызметшінің әлеуметтік қорғалуы – бұл олардың құқықтарының, материалдық және рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылуының кепілі болмақ. Ол

үшін сарбаздар тұрмыс-тіршілігін ретке келтіру (тамақтануын жақсарту, тұрғын үй-жайларын жайластыру); офицерлік тұрмыс туралы қамқорлық жасау (тұрғын үй жағдайының, медициналық қызметтің көрсетілуін жақсарту, жұмысуақытын нормалау, ақшалай қаражаттың төленуінің тұрақтылығын қамтамасыз ету); шақыру бойынша қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге өздерінің ақшалай жинақтарын кейінге қалдыру немесе оларды үйге жіберуге мүмкіндік беру қажет. Босатылған әскери қызметшінің болашағын қорғау (сырттай жоғары және арнайы білім алу мүмкіндігі, жұмысқа орналасу кезінде артықшылық пен оқу орындарына түсу кезіндегі жеңілдіктермен қамтамасыз ету); әскери ұжымдарда анағұрлым қолайлы атмосфераны қалыптастыруға жағдай жасауға, армияны кәсібилендіру.

Қорытындылай келе әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда әскерге шақырылған әскери қызметшілердің жүріс-тұрыстарының виктимділігіне жол бермеу, осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрбаны болмау немесе қылмыстық озбырлықтың салдарын азайтуға қатысты виктимологиялық ұсыныстарға негізделген шараларды жиі

жүргізу. Әскери ұжым қызметшілерін біріктіруге бағытталған виктимологиялық шаралар. Тәжірибе көрсеткендей, жас әскери қызметшілердің 60%-ы жауынгерліктің алғашқы үш айында қиыншылық көреді. Дәл осы уақыт виктимділік жиі орын алады. Сол себепті жас әскери қызметшілер бөлімге келген бетте оларды «карантинде» ұстай отырып, олармен виктимологиялық дайындық жұмыстары жүргізе отырып оларды әскери тұрмыс-тіршіліктің және жоспарлы қызметтік шараларды орындаудың оңтайлы жолдарымен таныстыру қажет.

Қылмыс фактісі туралы басшылыққа баяндаудың тәртібімен, «сенім телефондарының» нөмірлерімен, соққы іздерін және денсаулыққа келген зиянды рәсімдеу үшін медициналық органдарға жүгінудің тәртібімен, сотқа дейінгі тергеп-тексеруде және сотта істі қарауда жақсы мінездеме беру (тергеу әрекеттерін, сот отырысын өткізген кезде, қызметтестермен сөйлескен кезде және тағы да басқалары) және қылмыстың келтірілген зиянының орнын толтыру тәртібімен таныстыру, жәбірленушінің посткриминалдық мінез-құлқына қатысты шаралар қолдану.

Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
2. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы.
3. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
5. Қазақстан Республикасы Әскери сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Е.С. Қосмұратов Әскердегі құқық бұзушылықтардың алдын алу – басты міндет <https://askeri.sud.kz/kaz/massmedia/skerdegi-kukyk-buzushylyktardyn-aldyn-alu-basty-mindet>
6. Алауханов Е.О. Криминология. – Астана, 2009. – 154 с.
7. Криминология / под ред. А.И. Долговой. – М., 1997. – С. 324.
8. Жұмағали А. Криминология: оқулық. – Алматы: «Нур-пресс», 2005. – 90 б.
9. Чукмаитов Д.С. Применение уголовного наказания в целях предупреждения рецидивных преступлений. – Алматы: ТОО «Баспа», 1997. – 281 с.
10. Джансареева Р.Е. Проблемы борьбы с преступностью в исправительных учреждениях. – Алматы: Экономика, 2006. – 364 б.

References:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
2. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы.

3. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
5. Қазақстан Республикасы Әскери сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Үе.С.Қосмыратов Әскердегі құқық бұзшылықтардың алдын алу – басты міндет <https://askeri.sud.kz/kaz/massmedia/skerdegi-kukyk-buzushylyktardyn-aldyn-alu-basty-mindet>
6. Alaukhanov Ye.O. Kriminologiya. – Astana, 2009. – 154 s.
7. Kriminologiya / pod red. A.I. Dolgovoy. – M., 1997. – S. 324.
8. Zhymafali A. Kriminologiya: oqulyq. – Almaty: «Nur-press», 2005. – 90 b.
9. Chukmaitov D.S. Primeneniye ugolovnoy nakazaniya v tselyakh preduprezhdeniya retsidivnykh prestupleniy. – Almaty: TOO «Baspa», 1997. - 281 s.
10. Dzhansarayeva R.E. Problemy borby s prestupnostyu v ispravitelnykh uchrezhdeniyakh. – Almaty: Ekonomika, 2006. – 364 b.

УДК 343.98

DOI: 10.54649/2077-9860-2025-1-116-122

Е.Б. Жахат¹

¹Каспийский общественный университет

Республика Казахстан, г. Алматы

E-mail: yerkebulan.zhakhat@gmail.com

Научный руководитель:

к.ю.н., ассоциированный профессор

ВШП «Әділет» КОУ

П.А. Алмаганбетов

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ БИОМЕТРИЧЕСКОЙ ИДЕНТИФИКАЦИИ ЛИЧНОСТИ В КРИМИНАЛИСТИКЕ

Аннотация

В данной статье рассматриваются современные технологии биометрической идентификации личности и их применение в криминалистике. Биометрические методы, включая анализ отпечатков пальцев, распознавание лиц, радужной оболочки глаза, голоса, ДНК и других физических и поведенческих характеристик, становятся важнейшими инструментами в раскрытии преступлений и идентификации личностей. Особое внимание уделено структуре биометрических систем, состоящих из сенсорных, аналитических и сопоставляющих модулей, а также вопросам идентификации и верификации. Анализируется практика использования автоматизированных систем, таких как AFIS и системы распознавания лиц, с примерами их успешного внедрения в странах с развитой криминалистикой. Рассматриваются достижения в области 3D-сканирования, искусственного интеллекта и анализа ДНК, которые значительно повышают точность и оперативность расследований.

Ключевые слова: идентификация личности, судебная экспертиза, биометрия, современные биометрические технологии, сенсорный модуль, идентификация и верификация, антропометрия.